

Н ТУЫ

КОМИТЕТИҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ТРОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИҢІҢ ГАЗЕТИ

31 май Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Тәжік мемлекеттік университетін алғаш рет бітірген мамандар

СТАЛИНАБАД, 28 май. (СОТА). Быйыл Тәжік мемлекеттік университетінің табиғаттану факультетінің биология бөлімін 45 жігіт пен қыздар бітірді.

Кеше мемлекеттік емтихан комиссиясы соңғы диплом еңбегін қабылдады. Университетті алғаш рет бітірушілер өздерінің білім дәрежесі жоғары екенін көрсетті — 41 адам диплом еңбектерін өте жақсы және жақсы бағамен қорғады. Республиканың халық шаруашылығы үшін ғылыми және практикалық маңызы бар мақта шаруашылығы, селекция, мал тұқымын

есылдандыру, жібек құртын өсіру мәселелеріне арналған диплом еңбектері бастырылуға берілді.

Біртөп жас ботаниктер мен геологтар Тәжік ССР Ғылым академиясының институттарына жіберіледі. Олар мұнда ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Кейбіреулері университеттің кафедрасында ғылыми жұмысты онан әрі жүргізу қалдырылды. Басқалары университеттің кафедрасына, республиканың мектептеріне жұмысқа жіберіледі.

Тайындау індет

іске жауапсыз қарап Ильич атындағы МТС-тегі машиналар мен агрегат жоспары 30 проценттен асқан, сол сыяқты, Тропавл, Калинин атындағы, дағы МТС-терде де шөп қорын жөндеу жоспары орындалмаған.

Тайынды дер кезінде, сапалы өнімді пайдалануға жетудің алғашқы күндері — машинаны толық қуа, шөп шабу және оны қорында еңбекті көп керек ерді механикаландыру — ідет. Әресе, механизация шөп шабу жөнінде ғана емес, шабылған шөпті жый-майлау жөнінде алған алғашқы күндерден бас-қуызге асыруына жетісу

жемшөп қорын жасау жетардың еңбекті көп түрі — шабылған шөпті жеулі кемшіліктерге жол қыры тіпті майланған



Балалар яслинің таңдаулы тәрбиешісі Антонина Андреевна Маросанова балалар тәрбиелеу жұмысында 30 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

ОБЛЫСЫМЫЗДА ЖӘНЕ ҚАЛАДА

Комбинаттың колхозға көмегі

Петропавлдың А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинаты коллективінің Совет ауданындағы «Көктерек» ауылшаруашылық артелінің қамқорлығына алғашына быйыл үшінші жыл. Осы уақыт ішінде комбинат жұмысшылары колхозға нақтылы көмек көрсетіп келеді.

Таяуда комбинаттың үгіт және мәдени бригадасы колхозда болып, колхозшылар арасында әңгімелер өткізді, қабырға газетін шығарды. Концерт қойып берді. Өнерпаз Ирина Мусиннің Совет Одағының Маршалы Буденный туралы орындаған әні, Калининнің оқыған саяси сатирасы колхозшыларға өте-мөте ұнады.

Сол сыяқты, комбинат жұмысшылары колхоз кітапханасының кітап қорын көбейтуге де ерекше назар аударды. Олар жақында 100 дана әртүрлі кітаптар апарып берді.

Селолық радиоторабы

Колхозды селолық мәдениетін өркендетуде Соколов ауданының Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің комсо-



Шағын двигательдер зауытының слесары А. Тишаков жолдас өнім сапасын жақсарту жөнінде бірқатар көрнекті табыстарға ие болды. Ол өндірістік тапсырманы күн сайын екі есе арттық оры-

Мал өсірушілеріміздің сөзі мен ісі

Совхоз коллективі үстіміздегі жыл қорғамдық мал санын көбейтіп, оның өнділігін арттыруда жаңа зор табыстар жетуді, яғни әрбір 100 аналық малда 90 бұзау, 85 құлын, 105 қозы алынуы қамтамасыз етуді көздеп отыр.

Совхоз мал өсірушілері социалист жарыста алған көтеріңкі міндеттемелер мінсіз орындау жолына өздерінің күш-жігерін аямай жұмсауда. Олар фермалада күнбе-күн өнімді еңбек ету нәтижесінде малды қыстан күйлі және шығынсыз алып шықты. Осымен бірге, олар табыс алуды барлық жағынан үлгілі өткізіп, мал санын төл есебінен едәуір арттыра бастады. Апрель айының аяғына дейін әрбір 100 аналық малдан 40 бұзау, 40 құлын, 80 қозы және әрбір мезгілінде 5 торай алынды.

Осы сыяқты, мал өсірушілер малды алынатын өнім мөлшерін де едәуір арттыруға, әрбір сауын сыйырдан 2300 литрден астам сүт саууға, әрбір қойдан 3 килограмнан жүн қыруға, сол сыяқты мемлекетке ет тапсыру жоспарын ойдағыдай орындауға міндеттеме алынды. Ол бұл жөнінде де едәуір табыстарға жетті. Текқана бірінші тоқсан ішінде совхоз бойынша әрбір сауын сыйырдан орташамен 420 литрден астам сүт алынды. Бұл

қатар колхоздарда дайындалған мал азығы қыстың жартысына ғана жетті. Бұл өткен жылы шөп дайындауға әзірлік нашар жүргізіліп, оның нашар ұйымдастырылғанын көрсетеді. Ал, Булаев ауданындағы кәзіргі жағдай өткен жылғы кемшіліктердің қайталануына апарып соғуы ықтимал.

Машина-трактор станциялары қоғамдық мал шаруашылығы үшін мол жеміш қорын дайындауда ерекше зор роль атқаратындығы мәлім. Бірақ, МТС-тердің жұмысы өздерінің бұл міндеттеріне сай болмай отыр. Анығына келсек, облысымыздың барлық МТС-терінде шөп жыйнайтын машиналарды дер кезінде және жоғары сапалы жөндеуге мүмкіншілік жеткілікті. Ама! не, бірқатар МТС-тердің

мөлшерінде ауыспалы сақтық қорының жасалуын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл шөп шабу науқанына ойдағыдай әзірлікпен кіріскен жағдайда және шөп шабуды ұйымшылдықпен өткізгенде ғана жетісуге болады. Сонымен қатар, шөп шабу науқаны кезінде механизаторлар мен колхозшылар арасында социалистік жарыстың дәрменінше өрістетілуін, күнделікті тапсырмалар мен графиктердің қалтқысыз орындалуын қамтамасыз ету керек.

Әрбір колхоз бен совхозда қоғамдық малға жеткілікті жемшөп қорын жасау үшін шөп шабуға әзірлікті талу күндерде аяқтап, бұл жұмысты ұйымдасқан түрде бастау—бүгін таңдағы аса маңызды міндет.

Республиканың совхоздары көктемгі егіс жоспарын орындады

Қазақ ССР совхоздар Министрлігінің совхоздары көктемгі егіс жоспарын орындады. ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде республиканың совхоздар министрі И. В. Ивандаев былай деді:

—Көктемнің кеш шығып, ұзаққа созылуына байланысты егістің басталуы он күндей кешіккеніне қарамастан, егіс ең қысқа мерзімде салынып, өткен жылғыдан бес күн бұрын өткізілді. Егістік жердің 70 проценттен астамы күзде әзірленген болатын. Егіс жұмыстарының барлық түрі толық механикаландырылды.

Быйыл совхоздарда жаздық егіс өткен жылғымен салыстырғанда 50 мың гектардан аса ұлғайтылды. Негізгі азық-түлік дақыл — жаздық бидай егісі 47 мың гектар артты. Сүрленетін дақылдар егісі үштен бір есе, жемшөптік жеміс тамырлы және жемшөптік бақша егістері 4 мың гектар ұлғайтылды. Егістік және жемшөптік ауыспалы егістерге 130 мың гектардан аса шөп егілді. Кәзір совхоздардың әрбір ауыспалы егісінде көпжылдық шөптердің ең кемінде бір-екі танабы бар.

Быйылғы егіс жұмысының ерекшелігі

—оның жоғары дәрежеде жүргізілгені болды. Мәселен, егіс алаңын культивациялау жұмысының көлемі өткен жылғыдан 25 процент, көпжылдық шөп егісін ерте көктемде күту жұмысы өткен жылғыдан екі есе артық жерде жүргізілді, күздік дақылдар анағұрлым көп жерде үстеп қоректендірілді. Тоғыспалы және тарқатарлы әдіспен тұқым себілген егістің көлемі анағұрлым ұлғайды, тұқымды күн көзіне жылыту, оны мия ертіндісімен байыту әдісі кеңінен қолданылды.

Кәзір республиканың оңтүстігінде күздік бидай гүлдеуде. Егістің шығымы өте жақсы, мол өнім алынады деп күтілуде. Совхоздарда оталмалы дақылдардың қатар аралықтарын өндеп, арам шөптерін отауда. Республиканың солтүстігінде егіс тегіс көктеді. Оңтүстіктің совхоздары ерте парды жыртты. Қазақстанның солтүстік облыстарының озат совхоздары бұл маңызды жұмысты жақсы орындады. Барлық жерде де егін жыйнауға әзірлік кең өріс алды.

(ҚазТАГ).

Оның мұнда жұмыс істегеніне бір жыл болды. Осы уақыттың ішінде ол өндірістік тапсырмасын үнемі асыра орындап келеді. Ишков жолдас май айында 1,5 айлық норма орындады.

отличнигі мақтау грамотасымен наградалды. Оқу озаттары емтиханды «өте жақсы» бағаға тапсырды.

істеп, өзіндік мың соғайынды.

Халықтық демократия

Поляк балаларының бақыпты өмірі

ВАРШАВА, 24 май. (СОТА). Польшада бейбітшілік және балалардың бақытты болашағы үшін ұранымен өткізілетін балаларды қорғаудың Халықаралық күніне әзірлік жұмысы кеңінен өріс алуда. Бұл ұран халықтық Польшада жүзеге асырылып отыр. Польшаның тарихында алғашқы рет жаппай 7 класстық білім алу нақтылы іспен баянды етіліп отыр. Бастауыш мектептерде 3 миллион 200 мың бала оқыйды. Халықтық Польшаның үкметі балаларды қамқорлыққа бөлеуде. Елдің табиғаты сұлу жерлерінде, теңіз жағасында, қалалармен өзендер алқабында өткен жылдағыдай балалардың жазғы дем алатын лагерьлері салынып жатыр. Үстіміздегі жылы лагерьлерде 800 мыңнан аса бала дем алатын болады.

Польшада кішкентай азаматтардың кәзіргі жағдайы мен болашағына қатты назар аударуда. 1951 жылы балалар бесігінің саны 10 есе артты. Балалар бақшаларында өткен жылдағыдан баланың саны 4—5-тей артық.

ЖҰМЫСШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕШКІ МЕКТЕПТЕР

СОФИЯ, (СОТА). Болгарияның халық ағарту системасында жұмысшыларға арналған кешкі мектептер мен техникумдар ерекше орын алады.

Кәзіргі уақытта ел ішінде 90-нан аса кешкі мектептер мен техникумдар ашылды, бұларда 12 мыңнан астам жұмысшылар мен қызметшілер өндірістен қол үзбей оқыйды.



Герман Демократиялық Республикасында жұрарқасында жер алған көптеген шаруалардың бірі арттыру күресіне белсене қатысуда. Сонымен елдің бірлігін қалпына келтіру ісіне белсенді СҮРЕТТЕ: шаруа Шимке активтермен қосылып, лап отыр.

Болгария еңбекшілерінің жазғы курорт маусымы басталды

СОФИЯ, 17 май. (СОТА). Болгарияда демалыс жазғы курорт маусымы басталды. Мыңдаған еңбекшілер мемлекет төлейтін демалыс маусымға алысын алып, Қара теңіздің жағалауындағы, Болгарияның суптропиктеріндегі Перинский Македониясының оңтүстігіндегі мындай (

Жаңа дақыл

(Әңгіме)

басқарып мал шар-
п қорын
жатқанын

омитетінің
өзінің сө-
колхозды
құмысына
ы мәселе-
к социа-
лінің көм-
өзенінде
ін салу-

ті, оның
і Соколов
секрета-
дың «со-
басшылық
лер көбі-
озаттары,
ол ұйым-
тен ғана

молецері
ру жұмы
Ауданда
жаңадан
к, репро-
біле тұра
көрсетпей
м аудан-
тары Ко-

Облыс-
хова жоқ

жөнінде
тропавд,
сомолец-
бірдей

Колхоз председателінің жұмыс рессор-
лы жеңіл арбасы жолда кездескен арық-
атыздардан өткенде біздің қалай отырған
дығымызды сынайын дегендей екі жаққа
кезек шайқалта тенселтіп, қозғап қояды.
Кісіге күн астына, алысқа қарағандай кө-
зін сәл сығырайта түсіп қарайтын, ба-
луан денелі, қырықтым жуан ішіне еніп
қалған, ісіне қандай берік болса, сөзге де
сондай шебер председатель колхоз орта-
лығынан шыққаннан бері тоқтаусыз әңгі-
ме айтып келеді. Оның бүгінгі әңгімесі
колхозда өсірілетін жаңа дақыл—көндір
жайында. Өз колхозының бұл дақылды
өсіру ісіне қалай кіріскенін ол былай су-
реттейді.

...Колхозшылар барлық назарын шешен-
ге аударып, оның әр сөзін ықыласпен тың
дауда. Жыйналысқа кешірек келіп, арт
жақта отырып қалған бірін-саран қарт
адамдар анығырақ есту үшін құлақтарын
алақанымен қалқалап, мойындарын алға
қарай соза түседі. Кейбіреулер блокнотта-
рына үніліп, бірдеңелерді жазып алып та
жатыр.

Шешен — аудандық ауылшаруашылық
бөлімінің бас агрономы, асықпай, талқы-
ланып отырған мәселені колхозшыларға
толық, айқын етіп түсіндіру үшін бар өне-
рін сала сөйлеп тұр. Агроном қасқа маң-
дайын анда-санда үлкен ақ орамалмен
сүртіп қойып, сөйлей жүріп, біресе жыйна-
лыс президиумы столының арт жағына
қойылған құрайға ұқсас ерепейсіз ұзын
өсімдіктің сабағын нұсқайды, біресе оның
кішірек ақ дорбаға толтырылған дәнін
алақанына салып, алдыңғы қатарда, мін-
беге жақын отырған колхозшыларға көр-
сетеді.

—Көндір өте бағалы торқалы өсімдік,
дейді ол. Бұдан кейін агроном залға
тегіс көз жіберіп, көндірдің бағалы өсім-
дік екеніне ешкім таласпасын дегендей
«өте бағалы өсімдік» деп бір рет қайта-
лап алады да, оның маңызын түсіндіруге
кіріседі.

—Көндірдің сабағынан жібек тәрізді
талшық алынады, ол өте мықты болады.
Көндірдің бұл жібек талшығы беріктігі
жағынан зығырдың, қонопаның, тіпті
оларды былай қойғанда мақтаның да тал-

Ол мінбеден түсіп, алдыңғы қатардағы
өз орнына қарай кетіп бара жатқанда
кейбіреулер:

—Әбекендікі жөн.

—Әбей дұрыс айтады,—десіп те қалды.
Осы кезде залдың орта тұсынан салмақ-
пен айтылған байсалды бір үн естілді:

—Жоқ, дұрыс емес!

Бұл естілген әйел дауысы еді. Колхоз-
шылар тегіс дауыс шыққан жаққа қарай
бұрылды. Олар екпінді колхозшы әйел
Жәметай Еркебаеваның орнынан тұрып
келе жатқанын көрді.

—Маған сөз беріңіздер, —деп ол орны-
нан тұрысымен, жыйналыс председателінің
рұхсатын күтпестен-ақ мінбеге қарай бег-
теді.

Жәметайдың тұлғасынан тек еңбек ада-
мына ғана бітетін ерекше бір сұлулық
анғарылғандай еді. Мінбеге қарай кетіп
бара жатқан оның тіп-тік келген кең бйы
ғы, күнге тотыққан жүп-жұмыр ашық мой-
ны, желкесіне түйіп тастаған мақпал
қара қолаң шашы бірден көз тартады.
Мінбеге шығып, көпшілікке қарай бұрыл-
ған кезде оның орта жасқа келген әйел
болса да, әлі реңі таймаған нұрлы жүзі-
нен ерекше сабырлықтың, ақылдылық-
тың ізі байқалады. Мұндай жылы жүзді,
келбетті әйелдің аузынан жаңағыдай
«жөк, дұрыс емес» деген қатал, қатты
сөз шықпайтын сыяқты болып та көрінеді.
Ол үлкен қара көздерін жалт еткізіп, ал-
дыңғы, шешен отырған қатарға бір қара-
ды да, сөзге кірісті.

—Мен жаңағы ұсынысты қостамаймын,
қостамаған емес, оған бүтіндей қарсы-
мын.—Осыны айтты да Жәметай көпші-
лікке тегіс көз жүгіртіп өтті. Колхозшы-
лардың көпшілігі Жәметайдың сөзіне ерек
ше назар аударып отыр еді. Әсіресе, әйел-
дер жағының мұны құптап, оған іштей
тілек білдіріп отырғандығы айқын бола-
тын. Тіпті алдыңғы қатардың бірінде
отырған колхозшы әйел Кіштай Назарқу-
лова:

—Дұрыс айтасың, Жәметай, тоқталма!
—деп оны батылдандыра түскендей де
болды.

Жәметайдың ойында тоқталу жоқ еді.

на емес, олардың тамаша ішкі дүниесіне
де көз жібере бастадым. Сол жыйналыс-
тан кейін менің жүрегімде қуаныш бұрын-
ғыдан көбейіп, молая түсті. Өйткені, бұ-
рын мен адамдардың адал еңбегін ғана
көріп қуанатын болсам, енді олардың
асыл жандарын көріп, шаттанатын, мақ-
танғыш ететін дәрежеге жеттім. Екінші
қуаныштың кілтін менің қолыма ұстатқан
Жәметай болды, оның көндірі туралы сөй-
леген сөзі болды. Былай қарағанда ол
жай ғана қарапайым, қатардағы екпінді
колхозшы әйел. Ал, сөзі ше? Коммунистік
сапаға толы қандай тамаша, асыл, керемет
сөздері! Тура министрдің өзі дерсін.
«Ал, Сапарбай, —деймін мен өзіме-өзім
сол жыйналыста, Жәметайдың сөзін тың-
дап отырып.—Көріп қой, қандай адамдар-
ды басқарасың сен! Жалғыз Жәметай ға-
на ма? Мына алдыңда отырған әртүрлі
жастағы алты жүздей адамның бәрінің де
жүрегіндегіні сенің жақсы түсінуің, бі-
луің керек. Сен бұлардың жұмысына ғана
емес, олардың ішкі дүниесінің де осы
Жәметай жүрегіңдегі таза, кіршіксіз бо-
луына зер салуың, соны білуің керек».

Председатель осыны айтты да, салмақ-
пен жымыйып күліп қойды. Оның осы бір
бейнесінен көп ізденген нәрсесінің түйінін
тауып, творчестволық сәттілікке не бол-
ған адамның нышаны айқын көрінгендей
еді.

—Мінеки, плантацияға да келіп жеттік,
—дейді ол үлкен арық үстіне салынған
көпірден өткеннен кейін, арбадан қарғын
түсіп.—Кәзір Жәметайдың өзімен таныса-
сыздар.

Сапарбайдың «біздің Жәметай жұмыс
үстінде нұрланып, ажарлана түседі» де-
ген сөзі рас екен. Денесі тіп-тік келген,
жүрісі шыйрақ, басына ақ орамал байла-
ған қызыл шырайлы әйел—Жәметай жай
дары, жарқын жүзбен келіп бізге қолын
ұсынды. Оның қоңырлау келген әдемі, үл-
кен қой көздерінен еңбек бақытына бө-
ленген адамның мәңгілік қуанышы сезіле-
ді. Жәметай еркектерше қолымызды қыса
амандасты. Содан кейін ол председателге
жұмыс жайын түсіндірді.

Быйыл бұл колхоз торқалы дақылдар
егісінің көлемін екі есе ұлғайтқан екен.

Болгарияның Отандық майданының III съезі

СОФИЯ, 28 май. (СОТА). Бүгін София
да осыдан 10 жыл бұрын болгар халқы-
ның ұлы көсемі Георгий Димитров ұйым-
дастырған, еңбекшілердің бұқаралық-са-
яси ұйымы —Болгарияның Отандық май-
данының үшінші съезі ашылды.

Съезде Отандық майданға кіретін бар-
лық ұйымдардың өкілі болып табылатын
1200 делегат қатысуда.

Съезд делегаттарының ду қолшапалақ-
тауымен съезд президиумына БКП
Орталық Комитетінің Бас секретары және
Министрлер Советінің председателі Выл-
ко Червенков бастаған болгар коммунист
партиясының Орталық Комитеті саяси
бюросының мүшелері, Отандық майданның
басшылары, өнеркәсіп пен ауыл шаруашы-
лығының озаттары сайланды.

Делегаттар зор өрлеу үстінде съездің
Құрметті Председателі етіп, И. В. Сталин
жолдасты сайлады. Залда барлық халық-
тардың данышпан ұстазы және көсемі
Иосиф Виссарионович Сталиннің құрметі-
не күшті овация жасалды. Делегаттар
бірнеше минут Сталин! Сталин! Сталин!
Сталин—бейбітшілік!, деп ұран көтерді.

Съезд төмендегі күн тәртібін бекітті:

1. Отандық майданның ұлттық Советінің
председателі Вылко Червенковтың «Отан-
дық майдан және оның келешектегі мін-
деттері» деген баяндамасы.

2. Финанстық-бақылау комитетінің баян-
дамасы.

3. Отандық майданның программасы ту-
ралы Георгий Трайковтың баяндамасы.

4. Отандық майданның уставына енгі-
зілетін қосымшалар мен өзгерістер тура-
лы отандық майданның ұлттық Советінің
бас секретары Фердинанд Козовскийдің
баяндамасы.

5. Отандық майданның ұлттық Советі-
нің сайлауы, ұлттық Советтің председате-
лі және финанс-бақылау комиссиясын
сайлау.

Съезге қатысушылар орындарынан үн-

Ауыл шаруашылығы кастары үшін лекция оқылды

ҚЛЖО Преснов аудандық комитетінің анындағы баяндамашылар тобының күшімен май айында колхоз, совхоз жастары арасында халықаралық жағдай, ғылым, әдебиет және искусство мәселелеріне арналған 16 лекция оқылды. Баяндамашылар тобы жасалған жоспар негізінде оның айында оқылатын лекцияларды көздің өзінде дайындап қойды. Лекция сұрағу аудан орталығының және ауыл-семинар интеллигенциясы қатыстырылуда.

ҚЛЖО аудандық комитеті оқылатын лекциялар сапасын жақсарту мәселесіне ерекше назар аударып отыр.

Мәдениетті қамтуда

Полудень аудандық мәдениет үйінің және аудандық комсомол комитетінің инициативасы бойынша ұйымдастырылған мәдениет бригадасы егіс жұмыстары кезінде аудан егіншілері арасында 21 концерт қойды, 6 лекция оқыды, 10 рет әңгіме өткізіп, 15 жауынгерлік листоктар шығарды.

Аудан орталығынан алыста тұратын колхоздардың егіншілеріне арналып 4 жылжымалы кітапхана ұйымдастырылды. Ол кітапханалар егіншілер арасында кітап жаңалықтарын жеткізіп, тарату жөнінде көрнекті роль атқарды.

...қойған сұрауына қапелімде не айтарларын білмей қалды ма, әйтеуір, алғашында ешкім қол көтере қоймады.

—Отырамыз ба осылай, жолдастар, кім де ұсыныс бар?

Председательдің үні екінші рет естілгенде ғана колхозшылар қозғалысып, бастарын жоғары көтерді. Бірінші сөз сұраған бағанағы қара сақалды қарт, колхозшы Байымбетов болды.

—Агрономның сөзінің бас жағы менің көкейіме қонып еді, —деді ол.— Мұндай пайдалы өсімдік болса, оны өсірмейтін не бар деп агрономды іштей құптап отырғаным да рас. Бірақ, арты не болар екен, оны өсіру жолы қалай екен деп күтіп ем. Меніңше, дәл осы кендірің біздің қолымыз емес сыяқты. Мұны ылғый суға бөктіріп отыра алсақ жақсы. Олай болмаса, барлық еңбегіміз зая кетпек екен. «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» деген. Басқа дақылдардан алатын кірісіміз де жетеді. Дәл осыны әуре қылмаған дұрыс. Одан да басқа дақылдарды көбірек өсіру керек.

...нерден өнім аламыз ба, аламыз. Бұрын сыйырды электр қуатымен сауады дегенді қайсыңыз естіп едіңіздер? Ал, көзір фермаларымыз теріс механикаландырылды ма, механикаландырылды. Мемлекетіміз шаруалардың еңбегін жеңілдету үшін барлық жағдайды жасап берді. Әлі де оның шаруаларға деген талай-талай қамқорлығы болмақ. Ендеше жана іс екен деп кендір өсіруден қорқып, одан бастартудың қажеті жоқ. Мұндай пайдалы дақылды өсіру керек. Сөз осы ғана!

Кендір өсіру жөніндегі бұдан үш жыл бұрын болған осы жыйналыс Молотов атындағы колхоз мүшелерінің есінде әлі күнге дейін берік сақталып қалған. Бұл туралы колхоз председатели Сапарбай Мейірмановтың жол бойы жалықтастан, осылай ынталана, сүйсіне баяндауы мұның айқын дәлелі сыяқтанады.

—Еркебаеваның сол күнгі сөзі председателі—маған мәңгілік сабақ боп қалды, —дейді ол ауыздықпен алысқан тор атты еркіне жібермей, бойжымен тежей түсіп.— Сол күннен бастап мен колхозшылардың тек жақсы жұмыс, қажырлы еңбегіне ға-

...зін бөліп. Өткен жылы рет өнім алдық. Содан таза пайда қанша болды жарты миллион сомнан шаруашылығының барлығын біріндей. Осы себепті ниқалық дақылдар егісіп ғыдан да ұлғайтып отыр.

Бұдан кейін председателі келген кірістен быйыл қанша машина сатып алынған жеті жүз кісілік үлкен ісін ғын баяндайды. Оның сөзіне дақылға, оны өсіруші зор разылықтың, тіпті анышаны айқын білінеді.

—Мінекі, жана дақыл, —дейді Жәметай.—Кейбірлі әлі де болса қойынсы Шыңдығында оның ешбір жок. Бұл пайдалы, бағал оны баптап, аялап өсіре сөзбен айтқанда, жақсылы керек. Ал, еңбектің өсірмі тіні жок.

Ә.

ҚАЗАҚ ССР СОВХОЗДАР МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ЗООТЕХНИКАЛЫҚ -МАЛДӘРІГЕРЛІК ТЕХНИКУМЫ 1952—1953 ОҚУ ЖЫЛЫНА БУХГАЛТЕРЛЕР ДАЯРЛАЙТЫН БӨЛІМІНІҢ 1 КУРСЫНА ОҚУШЫЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ

Техникум орта мамандықтағы бухгалтерлер даярлайды. Оқуға жетіжылдық немесе орта мектептің 7-класын бітірген, 14 жастан 30 жасқа дейінгі азаматтар қабылданады. Оқуға түсушілерден орыс тілі және әдебиеттен (жазбаша және ауызша), математикадан (жазбаша және ауызша), ССРО Конституциясынан қабылдау емтиханы алынады.

Қабылдау емтиханы ССРО жоғары білім министрлігі бекіткен программа бойынша 1 августан 20 августка дейін жүргізіледі.

1951—52 оқу жылында 7-классты отлучно бітіргендер оқуға қабылдау емтиханысыз қабылданады.

Өтініштер 1 июньден 31 июльге дейін қабылданады.

Өтінішпен бірге: 7 классты бітіргендігі жөнінде куәлігі (түп нұсқасы), туған жылы туралы куәлігі, денсаулығы туралы дәрігерден алған анықтамасы, өмірбаяны, екі фотосуреті, әскери міндеттілігі жөніндегі анықтамасы (әскери міндеттілер үшін) қоса тапсырылуы керек. Паспортын өзі келгенде көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген документтермен бірге өтініш бергендерге техникум шақыру жібереді, техникумға түсушілер сол шақыру бойынша емтихан тапсыру үшін немесе оқуға (емтихансыз қабылданғандар) келеді.

Оқуға қабылданғандардың барлығына да стипендия төленетін болады. Оқу 1 сентябрьде басталады.

Мұқтаж оқушылар жатақханамен қамтамасыз етіледі. Өтініштер мен документтерді төмендегі адреске жіберу керек:

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Крупская көшесі, 47-үй (Ой қала) Зоотехникалық-малдәрігерлік техникумы.

ДИРЕКЦИЯ.

ҚАРАҒАНДЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ 1952—1953 ОҚУ ЖЫЛЫНА 1 КУРСҚА СТУДЕНТТЕР АЛАДЫ

Институтқа толық орта білімі барлар және фельдшерлік-акушерлік мектепті бітіріп, мамандығы бойынша үш жыл қызмет істеген ССР Одағының 17 жастан 35 жасқа дейінгі азаматтары қабылданады.

Оқуға түсушілерден: физикадан, химиядан, орыс тілі және әдебиеттен қабылдау емтиханы алынады. Орта мектепті үздік бітіргендер емтихансыз қабылданады.

Қазақтар мен быйыл мектеп бітіріп шығатын басқа да шығыс ұлттарының азаматтары мектепке конкурсыз алынады.

Оқу мерзімі 6 жыл. Оқушылар оқығаны үшін жылына 300 сом ақы төлейді.

Қазақтар, Отан соғысының мүредектері, балалар үйлерінің, балалар еңбек колонияларының бұрынғы тәрбиеленушілері мен патронатта тәрбиеленушілер оқығаны үшін ақы төлеуден босатылады.

Қабылдау емтиханы жақсы және өте жақсы деген бағамен тапсырғандарға стипендия төленеді.

Студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі. Институтқа түсу үшін институт директорының атына жазылған өтінішпен бірге: орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатын (түп нұсқасы), толық өмірбаянын, 3x4 сантиметрлі 3 фотосуретін (бас кимсіз түскен), әскери міндеттілігі жөнінде анықтамасын (әскери міндеттілер үшін) қоса жіберулері керек. Өтініштер 31 июльге дейін қабылданады.

Қабылдау емтиханы 1 августан 15 августка дейін өткізіледі.

Өтініш пен документтерді төмендегі адреске жіберу керек: Қарағанды қаласы, 7, Киров көшесі, 18-үй, медицина институты.

ПЕТРОПАВЛ ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ СЕСТРАЛАР ДАМУ

Фельдшерлік-акушерлер даярлайтын бөлім

Мектепке орта мектепке дейінгі ер және әйел

Оқуға түсушілерден: жазбаша және ауызша), математикадан емтиханы алынады және емтихансыз алынады. Жетіжылдық куәлік алғандар және дау емтихансыз алынады, емтиханды 4 жәнәді.

Мектеп 1 курске

Оқуға түсемін де мектептегі документтерді қосып, куәлігін (түп нұсқасын, 3 фотосуретін, анықтамасын қоса жіберетін, ал, әскерге шақырылғандар үшін де куәліктерін өздері

Документтер 1952

Адрес: Петропавл

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЫЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе — 1-